



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

Мұғалімдер кәсіби шеберлігін арттыру барысында республикалық, халықаралық, облыс көлемінде әр түрлі шараларға қатысып, өз деңгейін көтеруде.

Сонымен қатар, оқу мен тәрбие сапасын жетілдіру - тікелей мұғалімнің даярлық деңгейіне байланысты. Бұл деңгей үнемі өсіп және өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек. Ол – біліктілігін арттыру курстары, семинарлар, конференциялар, өзіндік білімін жетілдіру жоспарлары. Әріптестеріміз «Педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту», «Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» атты онлайн оқыту курстарынан өтті. Бұндай курстар сандық ақпараттар әлеміне еркін еруге бағыт береді. Бұл өз кезегінде мұғалімнің кәсіби шыңдалуына, құзыреттілігінің артуына қолайлы фактор болып табылады.

Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс – тәжірибені тарату жұмыстары жүзеге асырылуда.

Қашан да білімді ұрпақ - болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры - жас ұрпақтың тағдыры - бүгінгі ұстаздардың қолында. Сондықтан біз өмір бойы білім алуға, жастарды өмір бойы білім нәрімен сусындатудан жалықпауымыз керек деп білемін.

Біздің басты мақсатымыз – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру, білімнің дамуына үлес қосу үшін оқушының сабағымызға деген ынтасын жоғалтпай, қызығуын қамтамасыз етуге ұмтылу, оқушылар арасында ой-пікір, шеберлік, бәсекеге қабілетті ел азаматын тәрбиелеу.

Оноре де Бальзактың «ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыру үшін, кәсіби шыңдалуда біз үнемі ізденеміз, үйренеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК © 2020.)
2. Лизинский В.М., Новый учитель для хорошей школы. – Москва: Педагогический поиск, 2012. – 160 с.
3. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015 ж.
4. Вазина К.Я. Модель непрерывного саморазвития человека. Авторские программы обучения педагогов нового типа. Оренбург: Изд-во ОГУ, 2012. 23 с.
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – Қазақстан мектебі, №4, 2011
6. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж.
7. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.,6-766
8. Лазарев В.С., Управление инновациями в школе. – Москва: Центр педагогического образования, 2014. – 342с
9. Нурманова, А.Д. Мұғалімнің кәсіби дамуы - білім беру жүйесін жаңартудың негізі . Молодой ученый. - 2016. - № 12.1 (116.1). - С. 44-45. - URL: <https://moluch.ru/archive/116/31454/> (дата обращения: 31.01.2022).

ӘОЖ 377.5

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ БІРІ – МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Каркинбаева Гаухар Алтаевна,
Қостанай жоғары политехникалық
колледжінің оқытушысы
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында білім беружүйесіндегі инновациялық білім беру модельдері қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие екені көрсетілген. Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар. Колледждерді дамыту жүйесіндегі инновациялық білім беру модельдерінің бірі – модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану арқылы білім сапасын жоғарлатуға мүмкіндік туады.

Кілт сөздер: Заманауи білім беру жүйесі, оқыту технологиялары, модульдік оқыту технологиясы, тиімді әдіс – тәсілдер, сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Аннотация

В статье показано, что в процессе развития нашего государства как независимой страны большое значение в общественном отношении имеют инновационные образовательные модели в системе образования. Одна из важных особенностей реализации модернизации образования заключается в необходимости технологизации процесса обучения в настоящее время. В этом направлении существуют различные варианты содержания, структуры образования, новые идеи и новые технологии, основанные на науке и опыте. Повышение качества образования будет достигнуто за счет эффективного использования одной из инновационных образовательных моделей в системе развития колледжей – модульной технологии обучения.

Ключевые слова: Современная система образования, Технологии обучения, модульные технологии обучения, эффективные методы и приемы, качественное образование и осознанное воспитание.

Abstract

The article shows that in the process of development of our state as an independent country, innovative educational models in the education system are of great importance in public terms. One of the important features of the implementation of the modernization of education is the need to technologize the learning process at the present time. In this direction, there are various options for the content, structure of education, new ideas and new technologies based on science and experience. Improving the quality of education will be achieved through the effective use of one of the innovative educational models in the college development system – modular learning technology.

Keywords: Modern education system, Learning technologies, modular learning technologies, effective methods and techniques, quality education and conscious upbringing.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. [11 бап.]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. [2, 16]

Еліміздің болашақ ұрпағы үшін XXI-ғасырдың – ғылым ғасыры деген сипатын дәріптейтін заманауи жаңашылдық іс тәжірибелерді дамыту көзделген. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. [3, 26]

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі - жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Білім алушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызылықты да тартымды өткізу оқытушының шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды. Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
 - дамыта оқыту;
 - деңгейлеп оқыту;
 - дәстүрлі оқыту;
 - модульдік оқыту және т.б.
- Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:
- білім алушының ізгілік тұрғысынан қарау;
 - оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
 - білім алушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
 - білім алушының өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
 - білім алушының танымдылық және шығармашылық қабілетін дамыту;
 - әрбілім алушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу. [4, 246]

Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде құрылған дамытушы, тұлғалық бағдарлы, мақсатты технология болып табылады. Білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған технологиялардың бірі - модульдік оқыту технологиясы екені анық. «Модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі:

1. қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі;
2. білім алушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
3. барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу.
4. тақырыпты қарапайым білім мен түсінік деңгейде игеруді білдіреді. Олар шамамен мынадай түрде беріледі: білу, түсіну, қолдану, талдау, топтау, бағалау;
5. модульдік оқыту технологияның ерекшелігі: жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу, сондай-ақ өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, шығармашылық қажеттіліктерін, сөздік қорын дамытуға бағытталған.

Модульдік оқыту технологиясының өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. [5, 46]

Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Мен модульдік оқыту технологиясының бір ерекшелігі оқушылардың танымдық қызметін арттыратынын байқадым. Әрбір оқушылардың әр сабақта үш күрделірек деңгейде берілген оқу материалын таңдау, жазу, көру, айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылады. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңмен орындау міндетті емес. Білім алушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Сонымен бірге бұл технология бойынша тұлғаның психологиялық қасиеттері, оның жеке өзіндік өзін қанағаттандыратын қызметі сабақ барысында қалыптасады. Баланың тұлғалық психологиялық қасиеттерінің қалыптасуы, яғни танымдық қызметтің өзінен білім алушы жағымды эмоциялар алатындай етіп ұйымдастырылған жағдайда ғана «тұлғаның дамуы» іске асады. Бұл үшін әр оқытушы сабақта әр балаға психологиялық қолдау көрсетіп, жайлы орта туғызуы керек. К.Роджерстің пікірінше, оқытушы балаға ондай жағдайлар жасау үшін келесі қағидаларды басшылыққа алу тиіс: [6, 436]

- Балаға үнемі сеніммен қарау;
- Білім алушыларға оқытудың міндеттері мен мақсатын белгілеп, нақтылауға көмектесу;
- Білім алушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;
- Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде білім алушыға қиындық кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға ретінде тұруы;
- Өзін-өзі жақсы білуі тиіс.

Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады.

Оқу модулі үш циклі ретінде үш құрылымды бөліктен кіріспеден, сөйлеу бөлімінен және қорытынды бөлімінен тұрады.

Кіріспе бөлімінде оқытушыбілім алушыларды модульдің жалпы құрылымымен, міндеттерімен таныстырады да, оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. (белгілермен) белгілік үлгілермен түсіндіреді.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпта 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен білім алушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Сөйлеу бөлімінің тағы бір ерекшелігі, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану білім алушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін-қайта оралып, жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұл технологияның маңызды шарты – білім алушылардың кез-келген ғылыми көздерді, оқулықтарды, оқу құралдарын пайдалануына болатындығы, сондай-ақ ұйымдастырушы көмекші, кеңесші ретінде оқытушымен жедел және кеңес ала алатындығы.

Оқу модулінің қорытынды бөлімі-бақылау. Білім алушы білімін бақылаудың формалары ретінде тесттік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ және т.б. оқу пәнінің ерекшелігіне орай қолданып, осы бөлімде беріледі. [7, 166]

Модульдік оқыту технологиясының нәтижесінде мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- білім алушылар еркін сөйлеседі;

- өз ойларын ауызша, жазбаша баяндай алады;
- білім алушылардың белсенділігін арттырады;
- оқу мотивациясы артады;
- неғұрлым аз шаршайды;
- оқу қызметін көбінесе жағымды эмоциялар алады, қанағаттанады.

Модульдік оқыту технологиясы оқытушының алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі:

- жалпы білім сапасын жоғарылату;
- сабақтың тиімділігін жоғарылату;
- дарынды білім алушылармен жұмыс жүйесін жасау;
- білім алушылардың мақсаттарына жету жолындағы жетістіктерін есепке алу жүйесін жасау;
- жеке тұлғаның өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы. [8, 9б]

Қорыта келгенде, М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» - деп атап көрсеткеніндей, білімді, саналы, дарынды, іскер, ойшыл болашақ ұрпақты даярлауда ең алдымен білім қажет. Жас ұрпақтың рухын оятатын, елін, жерін құрметтейтін, мәдени ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім. Әрбір ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз.

Жаңа заман жаңа технологиялармен сусындаған ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа қоғамға бейімдеу мен интеллектуалды дамуын қалыптастырудың бірден-бір жол болып табылады. Сондықтан, модульдік оқыту технологиясын қолдана отырып, жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы- 11бап.
2. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында смарт техникаларды тиімді пайдалану және әлемдік тәжірибе» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы» материалдар жинағы- 1 б.
3. Назарбаев Н.Ә., Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан халқына Жолдауы, 28.02.2007.- 3 б.
4. Қамзина М., «Модульдік оқыту технологиясы».Тәрбие құралы№4. 2005 жыл.- 24 б.
5. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2006 жыл.-4 б.
6. Тапаева А.П. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі // Молодой ученый№20 – 2014. – 43 б.
7. Ж.Досова «Жаңа технологияны оқытуда қолдану» Педагогикалық кеңес№4. – 2009.– 16 б.
8. Ә.Жүнісбек «Жаңа технология негізі – сапалы білім» // Қазақстан мектебі№4. – 2008. – 9 б.

УДК 371

«ИССЛЕДОВАНИЕ В ДЕЙСТВИИ» - НЕОБХОДИМЫЙ ПОДХОД ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГОВ ШКОЛЫ

Кебиспаева Айгуль Савкомбаевна,
магистр педагогических наук
заместитель руководителя по НМР
КГУ «Школа-гимназия города Тобыл отдела
образования Костанайского района»
г.Тобыл, Казахстан

Аннотация

Педагогикалық менеджментті практикаға енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Негізгі мақсаты-іс-әрекетті жоспарлау, персоналды тиімді басқару, бөлінген көшбасшылық, педагогтердің кәсіби өсуін қолдау, бұл сайып келгенде оқушылардың оқу нәтижелерін арттыруға әкеледі. Іс-әрекеттегі зерттеу қазіргі заманғы көшбасшының қажетті құралы болып табылады. Бұл материал мектепте өткізілген жұмысты көрсетеді. Зерттеу негізінде мектепті дамытудың бір жылға арналған жоспары жасалып, іске асырылды және келесі жылға міндеттер қойылды. «Іс-әрекеттегі зерттеудің»негізгі тұстарын түсінуге көмектеседі.

Түйін сөздер: көшбасшы, зерттеу, жоспарлау, коучинг, жоспар, команда, тәлімгерлік.